Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА

27 июня
2025 года
ПЯТНИЦА
№ 52 (1756)

ТЕМА НОМЕРА

САН ҚЫРДЫ АШҚАН БАЙҚАУ

СТР. 2

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНА - 30 ЖЫЛ

## САРАНДА «БІРЛІКПЕН ГҮЛДЕНГЕН - САРЫАРҚА» КӨШПЕЛІ КӨРМЕСІ ӨТТІ



**Саран қаласында «Бірлікпен гүлденген - Сарыарқа» атты 24 этномәдени қоғамдық бірлестіктің басын қосқан қала мен аудандарды аралап жүрген көшпелі көрме ел назарына ұсынылды. Көрме Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай ұйымдастырылды.**

*Тілші: Дина ӘБДІҒАЛИЕВА*



Бірлік пен татулықты дәріптеген, достық пен ынтымақты ту еткен шарада бірінші болып сөз алған қала әкімінің орынбасары Сағынбек Бейскеев өз сөзінде: «Біздің қаламызда 70-тен аса әртүрлі өзге ұлт өкілі тұрады. Бәрімізді біріктіретін бір шаңырақ – Қазақстан Республикасы,- дей келе барша жиналған қауымға зор денсаулық пен мол бақыт тіледі.

Келесі болып сөз алған Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «Қоғамдық келісім» мекемесінің директоры Гүлнар Касембаева көшпелі көрменің өткізудегі мән-маңыздылығы мен мақсатын айқындады.

- ***Биыл, өздеріңіз білесіздер, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы. Әрине, оған арнайы өте көп шара өткізіп жатырмыз. Оның ішінде осы жылдың 1 мамыр жұлдызында біз «Бірлікпен гүлденген – Сарыарқа» көрмемізді облыс әкіміне көрсеткен болатынбыз. Облыс әкімі, осы көрмемен танысып, бізге тапсырма берді: «Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығында осы көрмені бүкіл, қала, аудандарға көрсетіңіз» деп. Сондықтан біз осы көрмемен бүкіл біздің Сарыарқамызды аралап жүрміз. Кеше ғана біздің көрмемізді Балқаш қаласының тұрғындары тамашалады. Бүгін біз Саранға келіп отырмыз. Алда тағы қала, аудандарымыз бар, -*** деді Гүлнар Касембаева.

Сондай-ақ, ол өз сөзінде елімiздегі татулықтың тірегіне, ынтымақтың ұйытқысына айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының бірегей жобалары мен маңызды бағыттарын атап өтті. Бүгінде Ассамблея елдегі қайырымдылықты дамытуға, әлеуметтік сұрақтарды шешуге, тарихи деректердің сақталуына сүбелі үлес қосып келеді. Тұрақтылық пен орнықтылық жолында атқарып жүрген міндеті де ауқымды.

Шараға қатысқан «Вайнах» шешен-ингуш этномәдени бірлестігі» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Увайс Джанаев және «Грузинский общественно-культурный центр «Джорджия-2007» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Григорий Долидзе де жылы естеліктерімен бөлісіп, игі тілектерін арнады. Жетпіс жылдық тарихы бар, көптеген этнос өкілдерінің ыстық ұясына айналған Саран қаласымен байланысты естеліктерімен бөлісті. Қалалық мәдениет үйінің сахнасында күй атасы - Құрманғазының «Балбырауын» күйінен бастап, әсем әндер орындалды. Этномәдени бірлестіктің мүшелері өз өнерін паш етті.

Жалпы Қарағанды облысы бойынша алпыстан астам этномәдени бірлестік бар. Оның ішінде 24 этномәдени бірлестік облыстық мәртебеге ие немесе республикалық этномәдени бірлестіктердің филиалы болып табылады. Саран қаласы мәдениет үйінің екінші қабатындағы фойеде орналасқан көшпелі көрмеде осы 24 этномәдени бірлестіктің еңбегі мен шығармашылығы, ұлттық киімдері, тіпті тарихтан сыр шертетін атадан-балаға аманат етіп келе жатқан заттары, қолмен жасалған бұйымдары паш етілді. Шарадан шыққан соң, келушілер көрмені тамашалап, жақсы көңілмен тарқасты.

GOV.KZ

## В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ ОТКРЫЛСЯ ЯЗЫКОВОЙ ЛАГЕРЬ ДЛЯ ВЗРОСЛЫХ




В Карагандинской области лучшие слушатели языковых курсов, которые бесплатно проводит управление по развитию языков, получили бонусом возможность попрактиковаться в разговорной речи и больше узнать о культуре и традициях казахского народа. В языковом лагере только взрослые, их обучают по методу полного погружения.

- Тематические занятия построены на основе этнокультурных реалий. В течение пяти дней слушатели знакомятся с национальными обрядами — сырға салу, тұсау кесу, бесікке салу, қырқынан шығару. Программа включает и кулинарные мастер-классы: покажут, как по народным рецептам готовить каймак, правильно взбивать масло, варить мясо и другое. Занятия проходят не только в аудитории, но и на природе, в юрте, - рассказала директор Карагандинского центра обучения языкам Алмагуль Игенова.

*/ В ГОРОДСКОМ МАСЛИХАТЕ*

## ЗАВЕРШЕНИЕ ПРОЕКТА ЗАПЛАНИРОВАНО В ЭТОМ ГОДУ

***В начале недели депутаты О. Баймаганбетов, Я. Савчин, Ж. Жаяубаев, Н. Тажибаева посетили п. 109 (ул. Красноармейская), п. Дубовка в рамках партийного контроля.***



*Автор: Надежда ЦХАЙ*

Депутаты провели выездное заседание с участием представителей подрядных организаций, Отдела строительства и т.д. На повестке дня – завершение работ по реконструкции водопровода (3 очередь).

Депутаты ознакомились с ходом работ по укладке отмостки вокруг колодцев, сделав ряд замечаний, касающихся безопасности. Также подчеркнули, что при подготовке проекта, должно проводиться качественное обследование грунта, местности и т.д., с нахождением проектировщиков на месте. Чтобы при проведении работ не возникало форс-мажоров.

В п. Дубовка работы по реконструкции водоснабжения завершены. Как отметили жители – напор воды и давление нормальное. Все работы по реализации данного проекта планируется завершить в текущем году.

/ МӘДЕНИЕТ

# САН ҚЫРДЫ АШҚАН БАЙҚАУ

## Саранда мемлекеттік қызметкерлер күніне орай «Екі жұлдыз» байқауы өтті.





Тілші: Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

Шығармашылық сайыста өнерге бір табан жақын әуесқой орындаушылар, мемлекеттік қызметкерлер мен білім беру саласының өкілдері сахнада шыңдалған өнерлі жандармен жұптасып, дуэт орындады.

Ән додасында бірінші болып сөз алған қала әкімінің орынбасары Алмас Омарханов Мемлекеттік қызметшілерді кәсіби мерекесімен құттықтап, еңбегі еленген жандарды ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті басшысының Алғыс хатымен, қала әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хатымен марапаттады.

***- Сіздерді ҚР Мемлекеттік қызметшілер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Мемлекеттік қызметші болу – үлкен еңбек, ерекше жауапкершілік және жоғары абырой...Осы мереке күні біз құрметті ардагерлерімізге, еліміздің мемлекеттік қызмет пен Саран қаласының дамуына баға жетпес үлес қосқандардың барлығына ерекше алғыс айтамыз, - деді қала әкімінің орынбасары Алмас Омарханов.***

Биыл «Екі жұлдыз» байқауына 7 жұп қатысып, өзіне тән ерекшелігімен көрерменді тәнті етіп, көпшіліктің ыстық ықыласына бөлене білді. Сайыскерлер екі кезеңге сақадай сай дайындалып, әр нөмірді басынан-аяғына дейін ойластырған.

Бірінші кезеңде қазақ эстрадасында танымал әндер шырқалса, екінші кезеңде 1970-1990 жылдары аралығындағы ретро стильдегі немесе белгілі бір кинофильмнен алынған әндер орындалды.

Қатысушылардың дауыс үйлесімі, вокал техникасы мен сахнада өзін-өзі ұстауы – осының барлығын да әділ қазы алқасы ескере отырып, жеңімпаз жұпты анықтаған.

***- Құрметті қонақтар, Саран қаласының тұрғындары біріншіден бүгінгі мерекелеріңізбен құттықтаймын. Мемлекеттік қызметшілер және біздің Полициямызды мерекелерімен құттықтаймын. Денсаулықтарыңыз мықты, отбасыларыңыз аман болсын. Әрқашанда осындай жақсы көңіл-күйде мерекелерімізді қарсы ала берейік, - деді қалалық мәслихаттың төрағасы Өміржан Баймағанбетов.***

Қазы алқасында болған Ақтас кентінің мәдени-сауық орталығының директоры Майра Кульджабаева өз сөзінде, жұптардың ішінен ең дарасын табу оңайға соқпағанын айта отырып, әр жұптың ішінен бұрын-соңды көрмеген жасырын талантгарын байқағанын, есте қалған айшықты сәттерді атап өтті.



Нәтижесінде көпшіліктің ортақ шешімімен 2025 жылы ұйымдастырылған «Екі жұлдыз» байқауында бас жүлдені Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледждің тәрбие ісі жөніндегі директордың орынбасары, қалалық мәслихаттың депутаты Жанбол Жаяубаев пен «Амадеус» би ансамблінің жетекшісі Наталья Кан жеңіп алды.

***- Мен «Екі жұлдыз» байқауына бірінші рет қатыстым. Бауқаудан зор әсер алдым. Көрермендердің, қолдаушыларымыздың қолдауына көп рақмет. Мен Жанбол Қарымсақұлымен бірге ән айтатынымды естігенде, қуанып кеттім. Біз бір апта уақыт бойы дайындалып жүрдік. Тіпті, бейнебаян түсіруге үлгердік. Қолбалжу болмады емес, әрине болды. Бас жүлдеге ие болғанымызға өте қуаныштымыз,- деп әсерімен бөлісті «Амадеус» би ансамблінің жетекшісі Наталья Кан.***

Ал Саран қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ғалия Тохметова мен Мәдениет үйінің халық үрмелі аспаптар оркестрінің жетекшісі Ирина Борзых 1-орынға, Саран қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Айдын Мұхтар мен Мәдениет үйі директорының орынбасары Жұлдыз Меней 2-орынға, Саран қаласы экономика және қаржы бөлімінің басшысы Евгения Чиркова мен Мәдениет үйінің директоры, сахна шебері Абай Баян және Саран қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Айжан Мұсабекова мен Саран қаласының жастар ісі жөніндегі инспекторы Диас Төлеуханов 3-орынға ие болды.

Жүлделі орындардың иегерлеріне диплом мен қаржылай сертификаттар табысталды. Сондай-ақ, сахнада өнер көрсеткен жұптар «Сахна шеберлері», «Әдемі жұп», «Үздік вокал», «Көрермен көзайымы», «Талантты жұп», «Стильді жұп», «Өнерлі жұп» номинациялары бойынша марапатталды.

Арнайы осы байқау үшін Теміртаулық талантты жүргізуші, өнерлі Ерқанат Меней қалалық мәдениет үйінің қызметкерлерімен бірге кештің қызықты өтуіне атсалысты. Көрермен қауым оның орындауында танымал әндерді тыңдап қана қоймай, ширату ойындарына қатысып, қолдауын көрсетіп, көңілді отырды.









/ ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Мемлекеттің зайырлылығы-мемлекет пен діннің өзара іс-қимылының сипатын, сондай-ақ мемлекеттік білім беру саясатының негізін айқындайтын Қазақстан Республикасы Конституциясының негізгі қағидаттарының бірі.

ҚР Конституциясының 1-бабына сәйкес Қазақстан зайырлы мемлекет болып табылады. Бұл дегеніміз, дін мемлекеттен бөлек, ал мемлекеттік институттар, соның ішінде білім беру жүйесі — діни көзқарастарға бейтарап. 5-бап мемлекеттің зайырлы сипатына қарсы бағытталған діни бірлестіктердің қызметіне тыйым салады.

Білім беруді реттейтін негізгі ережелер «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген. Осы Заңның 3-бабына сәйкес Қазақстанда білім беру зайырлы сипаттағы, гуманистік және демократиялық құндылықтар қағидаттарына, әрбір азаматтың еркін білім алу және жеке тұлғаны дамыту құқығына негізделеді.

Оқу орындарында қандай да бір дінді немесе дүниетанымды тануға тыйым салынады. Мемлекеттік мектептерде діни рәсімдер өткізілмейді және діни рәміздер міндетті мектеп формасының бөлігі болып табылмайды. Сонымен бірге, мемлекет азаматтардың діни сенім бостандығына, оның ішінде білім беру ортасында, заң сақталған және басқалардың құқықтарын құрметтеген жағдайда құқығын таниды.

Осылайша, Қазақстандағы мемлекет пен білімнің зайырлы сипаты теңдікті, бейтараптықты қамтамасыз ету және діни негізде кемсітушілікке жол бермеу үшін негіз болады.

**С. Тлекбаев,**
**ақпараттық топтың мүшесі**

/ АКТУАЛЬНО

# КУПАНИЕ В ФОНТАНАХ ЗАПРЕЩЕНО!




В разгар лета жители городов, особенно дети, купаются в фонтанах, так как в жару вода фонтанов кажется такой привлекательной и чистой. Между тем, вода в фонтане не проходит дополнительную очистку или дезинфекцию. В этой воде собираются пыль и дождевые стоки.

В жаркую погоду вода нагревается намного быстрее и служит благоприятной средой для интенсивного размножения различного рода микроорганизмов. Этому способствует отсутствие водообмена и возобновления воды. Помимо того, в фонтанах могут пребывать птицы и бездомные животные. В такой воде себя комфортно чувствуют микробы, что в свою очередь может привести к возникновению кишечных инфекций, энтеровирусных и паразитарных заболеваний.

Кроме того фонтаны не оборудованы для купания, они изначально травмоопасны, так как изготовлены из твёрдых материалов, с большим количеством ступеней и переходов. Вода делает все поверхности чрезвычайно скользкими, что серьёзно повышает риск получения травмы.

В фонтанах нельзя не только купаться, но и мыть руки или продукты (фрукты, овощи и т.д.). Основная функция фонтанов – создавать эстетику и увлажнять воздух, а не служить резервуаром для удовлетворения своих нужд.

Уважаемые жильцы и гости нашего города! В целях профилактики и недопущения возникновения инфекционных и паразитарных заболеваний, рекомендуем вам воздерживаться от взаимодействия с водой, находящейся в фонтанах; родителям разъяснять своим детям о травмоопасности водных игр, правилах безопасности и соблюдения личной гигиены, а также о недопущении и запрете купания в фонтанах.

**А. Мусабекова,**
**руководитель РГУ «Саранское городское управление санитарно-эпидемиологического контроля»**






# РЕКЛАМА И ОБЪЯВЛЕНИЯ

## ТРЕБУЕТСЯ

ТОО «Sunpaper» требуются оператор, грузчик, водитель погрузчика.
Официальное трудоустройство, согласно законодательства ТК РК.
Т.: 8-775-282-90-18 (звонить в будни с 8.00 до 17.00).

В магазин на постоянную работу требуется разнорабочий 1.5 -2 часа в день (пенсионного или предпенсионного возраста) в городе Сарани. Школьников и студентов не беспокоить. Телефон: 8-775-160-11-54.

**МЕСТО ВАШЕЙ РЕКЛАМЫ**

## ПРОДАЕТСЯ

1-к кв в поселке Актас, ул. Первомайская, 2 этаж, с мебелью и бытовой техникой.
Писать на WhatsApp: 8-708-545-82-18.




**Продается электрогенератор бензиновый HUTER DY 3000LX.**
Напряжение 220В, частота 50Гц, мощность 2,5 кВа, бензин АИ – 92. Генератор б/у, в отличном состоянии, практически не использовался. Для бензина АИ – 92. Заводится при помощи ключа.
Телефон: 8 700 673 78 66 (вотсап).




## УСЛУГИ

Уголь, шлам, песок, балласт. Грузоперевозки. Т.: 5-29-98, 8-705-251-70-92.

Реставрация подушек, сухая чистка с заменой наперника, дезинфекция клещей ультрафиолетом. Ул. Победы, 32. Т.: 8-747-703-48-50 (Ирина), +7-775-406-08-17.

## КОЛОНКА НОТАРИУСА

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 24.06.2025 года открылось наследственное дело после умершего 10.03.2025 года Овчарова Константина Львовича. Всем наследникам умершего необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 10.09.2025 года.

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 24.06.2025 года открылось наследственное дело после умершей 16.05.2025 года Забудской Татьяны Ивановны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 16.11.2025 года.

Лицензия №14005265 от 17.04.2014 года Министерства юстиции РК

Нотариусы г. Сарани сообщают, что 25.06.2025 года открылось наследственное дело после умершей 01.01.2025 года Серикбаевой Закен Ембаевны. Всем наследникам умершей необходимо обратиться в любую нотариальную контору г. Сарани в срок до 01.07.2025 года.

Лицензия № 0002086 от 31.12.2004 года Министерства юстиции РК




В ГУ «Отдел образования города Сарани» действует **телефон доверия: 5-06-01** по профилактике суицида несовершеннолетних.








**Уважаемая Алма Халимовна!**
**От всей души поздравляем Вас с юбилеем!**

Ваш жизненный путь — это пример преданности своему делу, мудрого руководства и искренней любви к детям и профессии. В годы, когда Вы возглавляли нашу школу, она была и остаётся домом знаний, уважения и добрых традиций.

Мы помним и ценим Ваш вклад в развитие школы, заботу о каждом ученике и педагоге, умение находить подход к людям и видеть перспективу.

В этот знаменательный день желаем Вам крепкого здоровья, светлых и радостных дней, внимания и любви близких. Пусть рядом будут верные друзья, родные люди и новые вдохновляющие моменты!

**С уважением, благодарностью и теплом — коллектив КГУ " ОШ №2"**

Лето! Царство ярких красок природы и незабываемых впечатлений. В нем есть возможность наполнить свое сердце особой живительной силой, которой подвластно все.

Поздравляем с юбилеем уважаемых июньских юбиляров:
Чайкину Надежду Григорьевну-85 лет.
Гужвину Любовь Алексеевну-75 лет.
Бектургановну Рымкеш Алихановну-75 лет.

Именниников:
Кожухова Урала Алтынбековича, Сагатову Алму Алтынбековну, Заря Надежду Петровну, Тимошину Татьяну Николаевну, Ульянову Светлану Дмитриевну, Тарабрину Елену Евгеньевну, Мирошниченко Ольгу Памненовну.

Пусть каждый ваш день будет наполнен светом любви родных и близких вам людей!

Здоровья и всех земных благ!

**А. Бактыбаев,**
**руководитель ГУ "Отдел образования" г.Сарани**

**О. Свиргун,**
**председатель первичной организации ветеранов образования**

**А. Акпарова,**
**председатель профсоюза организаций образования**
















| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **Саран газеті** | Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА | Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.) | Собственник: ТОО «Саран тынысы» | Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru | Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 773 | Газета набрана и сверстана в редакции. Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас | Отпечатано в ТОО “Типография “Арко” 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева,15 Печать офсетная. Заказ № 52 | Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели. |